# Сын тұрғыдан ойлауды үйрету

- Сын тұрғыдан ойлау –

бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім.

*Ақпаратты меңгеру ғана емес, оны сыни тұрғыда бағалау, түйсіну және қолдану маңызды.*

- Сын тұрғыдан ойлау–

күрделі және дұрыс шешімдер қабылдауда оңтайлы тәсілді қолдану

Сын тұрғыдан ойлау–

оқушыларды баламалы шешімдер қабылдауға, ойлау мен іс – әрекетінде жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға үйретеді.

- Сын тұрғыдан ойлау–

Шығармашылық ойлауды дамытудың алғашқы сатысы

# Сын тұрғыдан ойлау 5 сипаттамасы (Д. Клустер)

- Біріншіден – **өзіндік дербес ойлау**
- Екіншіден – **жалпылама ойлау**
- Үшіншіден – **проблемалық және бағалау сипатындағы ойлау**
- Төртіншіден – **дәлелді ойлау**
- бесіншіден – **әлеуметтік ойлау**

# Сын тұрғыдан ойлау **6 компонентті қамтиды**

Сын тұрғыдан ойлау арқылы

- Өзіндік пікір қалыптасады
- Түрлі пікірлер сарапқа салынып, дұрысы тағдалынады
- Проблеманың шешімі табылады
- Дәлелді пікірталас жүргізуді үйренеміз
- Бірлескен жұмысты бағалауға дағдыланамыз
- Басқаның пікірін ой елегінен өткізуді, кез келген сұрақтың дұрыс шешімін табуды меңгереміз

# Сын тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдері

- Ақпарат жинау
- Мәтінді талдау
- Балама көзқарастарға талдау жүргізу
- Ұжымдық талқылау
- Жұптық және топтық жұмыс түрлері
- Дебат
- Дискуссия
- Жазбаша жұмыстар

# Сұрақты дұрыс қою

## Деңгейлі сұрақтар

| **?** | ? |
| --- | --- |
| …?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…? | …?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…?<br>…? |

# Блум таксономиясы



# Блум таксономиясы

- **Қарапайым сұрақ** – есте сақтауды талап етеді
- **Нақтылау сұрақтары**– «менің түсінуімше….», «мен сізді дұрыс түсіндім бе…»
- **Түсініктеме беруші сұрақтар** – себептер мен салдарды түсінуге бағыттылады (неліктен?)
- **Бағалаушы сұрақтар** (салыстыру) – топ мүшесі немесе парталас көршілер өзара түсінбеушілікке тап болған жағдайда қолданған тиімді
- **Шығармашылық сұрақтар** (болжам) – «Одан әрі не болады деп ойлайсыз…?»
- **Практикалық сұрақтар** – «Қалай қол жеткіземіз…?» «Оның орнында болсаңыз не істер едіңіз…?»

# Кластер

## *(тұжырымдамалық карта)*



# «ФИШБОУН» тәсілі




**ПРОБЛЕМА: Н.Мерсер мен Р.Александер зерттеулеріндегі айырмашылықты табыңыз**

# Жұптық әңгіме

- **Мақсаты**:
- Идеяларды  құрастырып, белсенді тыңдап, бар ойын талқылауға шоғырландыруға  мүмкіндік береді. Жұптарды қолдану оқушыларға сөйлеуге және үлкен топтарда өзін сенімсіз  сезінетін оқушыларға көмектесуге мүмкіндік береді.
- **Ұйымдастыру**:
- Талқылау кезінде басқа жұптармен қосылып талқылаудан сақтап қалу үшін жұптар арасында аз да болса  арақашықтық сақтаған дұрыс әрі тиімді болмақ.
- **Жаттығудың сипаттамасы:**
- Оқушылармен талқылау үшін  ынталандыратын немесе  арнайы сұрақтар мен тақырыптарды қолданыңыз. Белсенді тыңдап, жауап беруге жетелеңіз. Тақырыпты белгілеу  үшін  А мен Б атаңыз ( мысалы, А тыңдайды, ал Б сөйлейді, кейін  керісінше. Оқушылардан  олар жеке жауап алғысы келетін сұрақ қоюды  сұраңыз, кейін бұл сұрақ жұпта талқыланады. Әр жұпқа мақсат қойыңыз  – мысалы, мынаған жауап беріңдер.

# Ойланудың алты қалпағы

- **Мақсаты:**
- Айтарлықтай нәтижелі және сіздің ойларыңызға деген әсерден хабардар болу үшін, сананың түрлі бөліктерін бөлу.
- **Ұйымдастыру**: Арнайы еш нәрсе жоқ.
- **Бұд қалай жұмыс істейді:**
- Алты қалпақ бар, әр қайссы ойланудың түрлі элементтерінің ролін атқарады. Оқушыларға қалпақ беріп (шынайы немесе ойдан шығарылған), қалпақты қолдану арқылы талқылауды ойластыруларын сұрайды. Мағынасы – сұрақтың немесе идеяның түрлі элементтерін басатын карта жасау. Сыныпты түрлі қалпақтарға бөліп және мұғалім талқылауды басқара алады.

## (Де Боно)Ойланудын алты қалпағы



Фактілер орташа,объективті ақпарат



Эмоциялар болжамдар, сезу, алдын ала сезу



Сыни аналитик, Логикалық негатив



Шуақты оптимизм, логикалық позитив



Шығармашылық өсу, мүмкіндіктер, идялар



Бағдарлама, үдеріс, Ұйымдастырушы, шолу, шешім

# ТВ шоу

- **Мақсаты**:
- Көптеген сөйлеу мен тыңдау,көптеген оқушылар (және мұғалімдер!) үшін жеңіл, көру және тыңдау, салыстыру нүктелері.
- **Ұйымдастыру**:
- Сіз қандай шоу көрсеткіңіз келетініне байланысты.
- **Бұл қалай жұмыс істейді:**
- Мұғалім жүргізуші оқушылармен , түрлі кейіпкерлермен сөйлескендей тақырыпты талқылайды. Аудитория сұрақтар қояды, талқылауға қатысады, құрдастар бағалайды және т.б. Бұл Ньюзнайт, Опра, Паркинсон, Монтель және т.б. стилінде болуы мүмкін. Панель отбасылық және т.б. күйіндегі шоу.



# Стоп-кадр

- **Мақсаты**:
- Талқылауды демеу үшін кинестетикалық әдіс.
- **Ұйымдастыру**:
- Шеңберде бастап кейін топтарға бөліну – үстелдерді жылжып әрекет етуге мүмкіндік болатындай кеңістік қалдырып қойыңыз.
- **Жаттығудың сипаттамасы:**
- Оқушылардан тақырыптың , хикаяның және мақұлдаудың стоп-кадрын жасауды сұрайды. Стоп-кадр бұл «камера» өз жұмысын тоқтатқан нүкте – стоп-кадрдың сыныпқа көрінбейтін басы және аяғы бар (Сонымен де ол фотографиялық суреттен айрықшаланады). Топтар өз стоп-кадрларын сыныпқа, суретте не болып жатқанын талқылау үшін, көрсетеді.



# СИНКВЕЙН

- **Бірінші жол** бір сөзбен тақырып (әдетте зат есім)
- **Екінші жол** – тақырыпқа екі сөзбен сипаттама беру (екі сын есім)
- **Үшінші жол** – іс –әрекет (үш етістік)
- **Төртінші жол** – тақырыпқа қатысты қанатты сөз
- **Бесінші жол** – тақырып мазмұнын ашатын бір сөз, синоним.

# БАСТЫ ТЕРМИНДЕР

Оқытушы мәтіннен 4-5 басты сөздерді таңдайды және тақтаға жазады.

- *«а» нұсқасы:* Жұптарға миға шабуыл әдісімен осы терминдерге жалпы түсініктеме беруге және олар келесі мәтінде қалай қатысатынын болжауға 5 минут беріледі.
- *«б» нұсқасы:* Оқушыларға топта немесе жеке түрде берілген басты терминдерді қолданып баяндаманың өз нұсқасын құру және жазу ұсынылады.
- Негізгі мазмұнмен танысуда оқушы «өздерінің» нұсқасы мен «түпкі мәтін» нұсқасын салыстырады. Сипатталған тапсырма әдетте «шақыру» сатысында қолданылады, бірақ «рефлексия» сатысында басты терминдерге қайта оралып және табылған сәйкестіктер мен қайшылықтарды талдау орынды. Берілген түрді қолдану елестетуді, қиялдауды дамытады, түпкі мәтінмен танысуда зейінді белсендендіруге көмектеседі. Пәндік сала шектеусіз.

## БАСТЫ ТЕРМИНДЕР

- *«а» нұсқасы:* Топтарға миға шабуыл әдісімен осы терминдерге жалпы түсініктеме беруге және олар келесі мәтінде қалай қатысатынын болжауға

5 минут беріледі.

Ұсынылатын сөздер:

**Дағды, дәлел, ерекшелік, құрылым**

**(48-53 беттер. Сыни тұрғыда ойлау)**

# «Тізбектеу» стратегиясы



# ЭССЕ

- Сынның және публицистиканың жанры, қандай да бір әдеби, философиялық, эстетикалық, моральдық және әлеуметтік мәселенің еркін баяндамасы. Әдетте сұрақтың жүйелі ғылыми қарастырылуына қайшы қойылады. Батыс педагогикасында жазба жұмыстарының өте кең таралған жанры. Әдетте рефлексия сатысында кішкене жазба тапсырмасы ретінде қолданған орынды.
- **10-минуттық эссе**
- Мәтінді оқығаннан (тыңдағаннан) және жалпы талдағаннан кейін оқушыларға 10-минуттық эссенің көмегімен өз ойларын ұйымдастыру ұсынылады (еркін хат әдісі бойынша). Ол үшін оқытушы берілген тақырыпты 10 минуттың ішінде жазуды сұрайды. Еркін хаттың басты ережесі – тоқтамау, қайта оқымау, түземеу. Қиындық туған жағдайда пайда болған мәселені жазбаша түсініктеме жасап, ары қарай жазуға тырысу керек. Кейде еркін эссе мәтінін одан да қомақты шығарманың дайындық сатысы ретінде қолдану ұсынылады.
- **5-минуттық эссе**.
- Жазба тапсырманың бұл түрі әдетте сабақтың соңында оқылған тақырып бойынша өз білімдерін қорытуға көмектесу үшін қолданылады. Оқытушы үшін – бұл кері байланыс алу үшін мүмкіндік. Сондықтан оқушыларға екі пункт ұсынуға болады:
- 1) жаңа тақырып бойынша олардың не білгенін жазу;
- 2) олардың жауап ала алмаған бір сұрағын қою.

# ИНСЕРТ (INSERT)

Инсерт ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда: тиімді оқу және ойлау үшін жазудың интерактивті жүйесі. Тәсіл бірнеше сатымен жүзеге асады.

**I саты:** Мәтіндегі ақпаратты келесі түрде бөлшектеу үшін мәтінді белгілеу.

**II саты:** Мәтінді оқи отырып, студенттер жеке азат жолдар мен сөйлемдерді белгілейді.

**III саты:** Оқушыларға ақпараттарды өздерінің белгілеуіне сәйкес келесі кестеге орналастырып, жүйелеу ұсынылады:

- V «қанат белгі» (әлдеқашан белгілі нәрсе)
- - «алу» (белгісі түсінігіне қайшы нәрсе)
- + «қосу» белгісі қызықты және тосын нәрсе
- ? «сұрақ белгісі» (егер бір нәрсе анық емес, көбірек білуге құштарлық пайда болса)

**IV саты:** Кестенің әрбір бағанын тізбектей талқылау.

Қолдануының пәндік саласы: көбінесе көптеген фактілер мен мәліметтерден тұратын ғылыми-танымал мәтіндер.

Осы тәсіл аналитикалық ойды дамытады, материалды түсінгенін қадағалаудың құралы болып табылады.

| V «қанат белгі» (әлдеқашан белгілі нәрсе) | - «алу» (белгісі түсінігіне қайшы нәрсе) | + «қосу» белгісі қызықты және тосын нәрсе | ? «сұрақ белгісі» (егер бір нәрсе анық емес, көбірек білуге құштарлық пайда болса) |
|---|---|---|---|
| ... | ... | ... | ... |
| ... | ... | ... | ... |

# Қазан 3-5 аралығында не дайындаймыз?

| № | Аты-жөні | Сабақ жоспарлары | | | | Бір рефлексивтік есеп | Орта мерзімді жоспар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | №1 | №2 | №3 | №4 | | |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |

# Сын тұрғыдан ойлау

Ол туралы тек сыни ойлаңыз...